ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 22 желтоқсан №4360-23-00-2/3038 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья Н.Б.Еламанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Дастан Шыңболатұлы Қайыржанов жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жауапкер Дастан Шыңболатұлы Қайыржанов жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер Дастан Шыңболатұлы Қайыржанов жеке кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер Дастан Шыңболатұлы Қайыржанов жеке кәсіпкерінен талап қоюшы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына тұрақсыздық айыбы 155 760 (бір жүз елу бес мың жеті жүз алпыс) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 4 673 (төрт мың алты жүз жетпіс үш) теңге өндірілсін.

Жауапкер Дастан Шыңболатұлы Қайыржанов жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 24.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 13.02.2024, судья Еламанов Н. Б., 15.02.2024
4360-23-3-1/3193

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Көшірме дұрыс

Судья **Н.Б. Еламанов**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 13.02.2024 жылы енді.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 24.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.02.2024, судья Еламанов Н. Б., 15.02.2024